

ҰЛЫҚ РӘМІЗДЕР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Ең алдымен, Құрмет қарауылы ротасының бастығы рәсімге дайындығы жөнінде Президентке рапорт берді. Содан кейін Мемлекеттік әнұран шырқалып, Көк байрағымыз көтерілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауымды мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, олар егемендік пен елдіктің ең басты белгісі екенін атап өтті. — Көк байрағымыз, Елтанбамыз және Әнұранымыз — күллі халқымызға кастерлі нышандар. Біз үшін тәуелсіздік — ең қымбат құндылық, ал туымыздың асқақ желбірегені — аса биік мәртебе. Батыр бабаларымыз сын сағатта әрдайым бір тудың астында жиналған. Бөрілі байрақ күллі түркі жұртын біріктірген. Абылай ханның ақ туы бүкіл қазақтың басын қосқан. Алаш туы арыстарымыздың жігерін жанып, намысын қайраған. Біз бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келеміз. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны ғарышкерлеріміз көк жүзіне көтерді. Альпинистеріміз әлемнің ең биік шыңдарына орнатты. Спортшылар жеңіс тұғырынан желбіретіп, Әнұранымызды шырқатты. Күллі әлем Қазақ елін көк байрағына қарап танитын болды, — деді Мемлекет басшысы.



Президент кастерлі нышандарымызды құрметтеу әрбір азаматтың перзенттік парызы екеніне назар аударып, бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық мән-маңызына тоқталды. — Біз асыл құндылықтарымызды аяқ асты етуге жол бермейміз. Биыл мемлекеттік рәміздерді қорлаған адамдарды жазалау шаралары күшейтілді. Түсіндіру

жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп жатыр. Отаншылдық мемлекеттік рәміздерді кастерлеуден басталады. Біз ұлттық нышандарымызды ұлықтау арқылы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетеміз. Оларды отансүйгіштік, жасампаздық рухта тәрбиелейміз. Сондықтан бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық, тәрбиелік мәні айрықша, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент мемлекеттік рәміздер тарихымызды, өзіндік болмысымызды және халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысын айғақтайтынын атап өтті. — Мемлекеттік рәміздерде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтатын құдыретті күш бар. Айтулы мерекелер мен әлемдік

дүбірлі спорт сайыстарында жеңіске жеткен кезде жүрегімізде Отанға деген сүйіспеншілік оты лаулап, елімізге деген мақтанш сезімі пайда болады. Көк байрағымыз, Елтанбамыз және Әнұранымыз — мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы. Олар алға қарай нық қадам басып, биік мақсаттарға қол жеткізу жолында күш-жігер береді, — деді Президент.

Салтанатты рәсім барысында жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қазақстан Президенті — Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды.

Шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты маршпен жүріп өтті.

Ту көтеру рәсіміне Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Кошанов, Премьер-министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов, мемлекеттік органдар басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия мүшелері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады.

Мемлекет басшысына сот жүйесін жаңғырту жұмысының барысы таныстырылды.

Жоғарғы Сот төрағасы сот пен судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, судьялар корпусын білікті зангерлермен нығайту, сондай-ақ сот үдерісінде азаматтар мен бизнеске берілетін кепілдікті күшейту міндеттерінің орындалуы жөнінде айтты.

Сонымен қатар Президентке сот қызметін аналитикалық тұрғыда күшейту, облыстық сот төрағаларының жауапкершілігін арттыру үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру және қоғамның соттарға деген сенімін арттыру, сондай-ақ азаматтардың құқығын қорғауды күшейту жұмыстарын жалғастыру маңызды екеніне назар аударды.

КИНО ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАЙДЫ



Мемлекет басшысы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Самал Еслямованы қабылдады.

Кездесу барысында отандық театр өнері және кинематография саласын дамыту мәселелері талқыланды.

Президент қоғамның рухани дамуында театр мен кино маңызды рөл атқаратынына тоқталып, аталған салаларға мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсетіліп жатқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы отандық фильмдерде

тарихымызды, мәдениетімізді дәріптеуге, жастардың бойында патриотизм сезімін қалыптастыруға, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттауға баса мән беру қажет екенін атап өтті.

Өз кезегінде Самал Еслямова Президентке өзінің алдағы шығармашылық жоспары, отандық өнер саласын дамытуға қатысты ұсыныстары туралы айтты.

Мемлекет басшысы К.Тоқаев ұлт мәдениетін танытуға үлес қосып келе жатқаны үшін актриса Самал Еслямоваға алғыс айтып, шығармашылық табыс тіледі.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ



Ішкі істер министрлігі жол-көлік оқиғаларына қатысты жағдайдың жыл сайын күрделеніп жатқанын мойындады. Қазақстанда жол апаттары көбейді. Оның 12 пайызы адам өлімімен аяқталыпты. Әсіресе, қаза тапқандардың арасында көмелетке толмағандардың үлесі басым. Патрульдік полиция нашар жабдықталғандықтан, жол жүрісі қағидаларының сақталуы қадағалау босаңсыған. Шалғай орналасқан жолдардағы апатта білікті көмек көрсетудің «алтын сағат» қағидасы сақталмайды.

БАЛМҰЗДАҚ БИЗНЕСІНЕ БАЙЫППЕН ҚАРАЙЫҚ



Жаз келгелі салқын тәтті сусын мен балмұздақтың саудасы жүре бастады. Соңғы күндері еліміздің солтүстігінде де сынап бағаны +40С°-қа бірақ жетті. Салқындаудың бір тәсілі саналатындықтан үлкеннің де, кішінің де қолынан пломбир, вафельді немесе эскимо балмұздағын көресіз. Оны дүкендегі тоңазытқыш сөресінен таңдайсыз, болмаса саябақта не көшеде сатылатын құйылмалы балмұздақтың дәмін татасыз. Ендеше оқырманға еліміздегі балмұздақ нарығының мәліметтері мен өнімді таңдаудағы басты талаптарды ұсынуды жөн көрдік.

ОРМАН ӨРТІНЕ ДӘРМЕН БАР МА?

Қазір ел аумағында орман өрті тым көбейіп бара жатыр. Күн күрт ысыған қазіргідей уақытта жайқалған қалың нудың бір-ақ сәтте күлі көкке ұшуы бек мүмкін. Дәл бұлай жалғаса берсе, табиғаттың иен байлығынан көз жазып қалуымыз да ғажап емес.

5»



